
АСТАНАДАҒЫ ДИАЛОГТЫҢ ДАУЫСЫ

2010 жылдың 28-29 сәуір күндері Еуразиялық Ұлы дала кеңістігінің төсінде орналасқан елордамыз Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім (халық арасында Пирамида аталып кеткен) сарайында «Еуразия: мәдениеттер мен ұрпақтар сұхбаты» атты Халықаралық форум өтті. Жоғары деңгейде өткен бұл басқосуды Қазақстан халқы ассамблеясы және Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының қолдауымен Халықаралық «Диалог Еуразия» («ДА») платформасы ұйымдастырды. Ұйымдастырушылардың шақыртуымен аталмыш форумға қатысып, пікір алмасып, сұхбаттасып қайтудың сәті бізге түсті. Сондықтан осы сапардан түйген ойларымызды ортаға салып, ақпарат бөліскіміз келіп отыр.

Форумның жұмысына қабылдаушы тараптың өкілдерінен өзге әлемнің 16 елінен делегаттар – Ресейден, Үндістаннан, Түркиядан, Украинадан, Әзірбайжаннан, Армениядан, Гүржістаннан, Молдовадан, Түркменістаннан, Тәжікстаннан, Қырғызстаннан және т.б. елдерден танымал қоғам және мәдениет қайраткерлері, ғалымдар, журналистер, шығармашыл адамдар қатысты. Форумның мақсаты – Еуразиялық кеңістікте, Еуропа мен Азияда және жалпы әлемде мәдениетаралық, этносаралық және дінаралық сұхбат пен келісімді, өзара түсіністік пен хошкөрушілікті (толеранттылықты), ұрпақтар арасындағы үнқатысу мен сабақтастықты сақтау мен дамытудың өзекті мәселелерін талқылау.

Бұл жиынды атқарып отырған ұйым жөнінде аз-кем мәлімет берер болсақ. «Диалог Еуразия» («ДА» - түрікше «Диалог Ауразия» сөзінің аббревиатурасы, орыс тілінде келісімді білдіреді) платформасы бүгінгі біздің заманымыздағы ең көрнекті әрі танымал ислам ойшылдарының бірі (тақуалық өмірді құп көретін оның өзі мұны мойындамаса да), диалогтың теологиясын негіздеп, дінаралық сұхбат, толеранттылық пен келісім жолын насихаттап жүрген түрік қайраткері Фетхуллах Гүленнің бастамасымен Стамбул қаласында 1998 жылы құрылды. Содан бері әрбір екі жыл сайын бұл ұйымға еуразиялық елдердің көрнекті өкілдері жетекшілік жасап келеді. Әсіресе ұйымның қалыптасуына әлемге әйгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың, әзірбайжанның көзі тірі классик жазушысы Анар, ресейлік көрнекті шығыстанушы Ростислав Рыбаков, түрік жазушысы Харун Тоқақ және т.б. үлкен үлес қосқанын айта кету керек. Платформаның қазіргі төрағасы қазақтың танымал ақыны, Қазақстан Жазушылар одағының басшысы Нұрлан Оразалин. Еуразиялық идея авторларының бірі Қазақстан Президенті Н. Назарбаевқа былтыр күздегі Түркияға сапарында әлемдегі және Еуразиядағы бейбітшілікті қамтамасыз ету, жаппай қырып-жоятын қарудан өз еркімен бас тарту, халықтар арасындағы сұхбат пен келісімді насихаттау ісіндегі сіңірген еңбегі үшін «Диалог Еуразия» платформасы тағайындаған нөмірі бірінші «Еуразия ордені» тапсырылды.

Қарым-қатынаста орын алып келген келіспеушіліктер мен қақтығыстарды күшпен және әскери үстемдікпен реттеудің тарихи қалыптасқан практикасы көнеріп, жаңа әлемдік тәртіпке сай, қатар өмір сүріп аралас-құраластық жасаудың баламалы құрылымдарына деген қажеттілік туындады. Қақтығыстардың жаһан-

дануына сұхбатқа негізделген өзара келісімді жаһандандыруды қарсы қою керектігі сезілді, адамзаттың мұнан басқа таңдауы да болмай тұр. Бөбітшілікті, тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемдегі адамзаттық болмыстың рухани негіздерін сақтап қалатын діндер мен мәдениеттер арқылы іске асатыны даусыз. Төлтума ұлттық мәдениеттер мен рухани дәстүрлерді жаһандандудың жойқын ықпалынан сақтап, олардың арасындағы өзара түсіністікті қатынасты қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Соғыстар мен қақтығыстардың орнына жоғарыдағы ойға негізделген жалпыпланетарлық этиканы қалыптастыру туралы әлемнің түкпір-түкпірінде әр алуан жиындардағы мінберлерде көп айтылуда, ЮНЕСКО тәрізді халықаралық ұйымдар да осы көкейтесті мәселе төңірегінде ауқымды шаралар атқаруда. Әрқилы діндер мен мәдениеттерді ұстанатын әртүрлі ұлт өкілдері мекен ететін біздің ұлттарлы мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаты да дінаралық, ұлтаралық, мәдениетаралық сұхбат пен келісімді қолдайды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі діни конфессиялардың Бүкіләлемдік съездерінің Астанада өткізілуі де осының куәсі.

Алғашқы күні Форумның жұмысын Платформа төрағасы Нұрлан Оразалин жүргізді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Құттықтау сөзін Президент әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Дархан Мыңбай оқып берсе, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджанов өз сөзінде ЕҚЫҰ төрағасы лауазымындағы еліміздің 2010 жылды «Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы» деп атауды ұсынған бастамасының маңызын атап өтті. ҚР Парламенті Сенаты спикерінің Құттықтау сөзін вице-спикер Мұхаммет Көпеев жария етсе, ҚР Премьер-министрі К. Мәсімовтың Арнау сөзін модератор Н. Оразалиннің өзі оқып берді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің және Мәдениет министрінің Құттықтау сөздері де тыңдалды.

Форумның Салтанатты мәжілісіне Парламенттің көптеген депутаттары, елімізге белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері қатысты. Келесі күні жиындағы модераторлық тізгінді Сенат депутаты, ҚР ҰҒА академигі Ғарифолла Есім қолына ұстады.

Алқалы басқосуда қызықты баяндамалар тыңдалып, қызу пікірталастар орын алды. Мынадай баяндамалар – ресейлік шығыстанушы-ғалым Р.Б. Рыбаковтың «Ғылыми білім және Еуразия жастарының этикалық тәрбиесі», «Диалог Еуразия» Платформасы Ұлттық комитетінің гүржістандық төрайымы Гиули Аласанияның (Гүржістан Президентінің анасы) «Гүржістандағы ұрпақтар сұхбаты мен тәрбиесі», Үндістандағы «Еуразиялық қордың» директоры Арун Кумар Мохантидің «Әлемдік қауіпсіздікті сақтаудағы сұхбаттың рөлі», Орыс христиан мемлекеттік академиясының ректоры Д.К. Бурлактың «Білім беруде толеранттылық ұстындарын іске асыру», Украинадағы көшбасшылардың жастар клубының төрайымы Марина Гриценконың «Еуразиядағы жастар ұйымдары арасындағы қарым-қатынасты дамыту», Әзірбайжандағы Еуропалық кеңес ақпараттық орталығының директоры И. Ибрагимлидің «Еуразия болашағы – толеранттылықпен біріккен бейбіт қатар өмір сүру», Қырғыз Республикасы Мемлекеттік телерадиокомпаниясының

бас редакторы Қ.О. Иманалиевтің «Жастарды тәрбиелеудегі Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы гуманизм мен толеранттылықтың рөлі», Түркиядағы «Дін және Еркіндік» зерттеулер орталығының директоры Біләл Самбурдың «Әр алуандылық пен қатар өмір сүруді сақтаудың құндылықтары мен ұстындары», молдовалық профессор И. Лупудың «Сұхбат және Еуразия жастарының ғылыми дамуы» және т.б. баяндамалары қызу дискуссия тудырды. Үшінші күні Форумға қатысушылар жас та әсем Астананың көркем де көрікті жерлерін (Мұхит аралы, Бәйтерек, Ханшатыры және т.б.) аралады. Алыс-жақын шетелдерден және Қазақстанның басқа да өңірлерінен келген меймандар қонақжай астананың ерекше құрметі мен ықыласына ризашылық білдіріп тарады.

Қазақ тілінде диалог термині сұхбат (бұл арабтың сұхб сөзінен, яғни Мұхаммед пайғамбармен сұхбаттас болған деген мағынадан шығады) деп орынды аударылып жүр, жаңалыққа жаны құмар дәстүрлі қазақы түсінікте бұл қарым-қатынас үнқатысуды, диалогтасуды, хабар-ошарласуды аңғартады. «Адам күні адаммен» ұстынын жоғары қойған қазақтың ауызекі мәдениетінде сөздің құдіреті жоғары бағаланып (оған көптеген мақалдары арқылы көз жеткізуге болады), «бес күн қонақ өмірде» сіз-біздік сыйластықтың адами қарым-қатынаста өте маңызды орын алатыны мойындалады. «Атақ-дәреже – ұзатылған қыз, байлық – еріп кетер мұз, қалатыны – сіз бен біз» деп ой толғайтын сайын даланы мекендеген қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарының ішінде алдыңғы орынды алатын қонақжайлылық оның сұхбатқа бейім кеңпейілділігінен хабар береді.

Ал қазіргі кезеңде бұл сөздің ұғымдық арнасы мейлінше кеңейіп, оның маңыздылығы мен өзектілігі арта түсті. Сұхбат енді қарым-қатынастың әр алуан деңгейлері мен қырларын, мысалы, әртүрлі дәуірлердің, халықтардың, мәдениеттер мен өркениеттердің, өткен шақ пен осы шақтың, Шығыс пен Батыстың, дәстүр мен жаңашылдықтың, сондай-ақ діндердің арасындағы өзара түсіністікті сипаттайтын кең ауқымды түсінік пен амалға айналды. Жоғарыда өткен форум осы маңызды шараға теңіздің тамшысындай болса да өз үлесін қосады деген сенімдеміз.

Б.М. Сатершинов